

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

100019, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы
С. Сейфуллин көшесі, 8/2 үй
Тел.: 8 (7212) 44-56-14
эл. мекенжай: umc-ro@umckrg.gov.kz
ЖСК KZ606010191000169583
KZ156010191000163215
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBKZKX БСН 120740001225

100019, Карагандинская область, город Караганда
улица С. Сейфулина, дом 8/2
Тел.: 8 (7212) 44-56-14
эл. адрес: umc-ro@umckrg.gov.kz
ИИК KZ606010191000169583
KZ156010191000163215
АО «Народный Банк Казахстана»
БИК HSBKZKX БИН 120740001225

467

№ 1-8

24.09.21

Аудандық/қалалық білім
беру бөлімдерінің
басшыларына,
облыстық білім беру
ұйымдарының
директорларына

Ақпараттық хат

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы «Тәлімі мол тәлімгер», «Мұражайға виртуалды экскурсия» атты облыстық қашықтық байқауларды өткізеді.

Осыған байланысты байқау туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының тәлімгерлеріне және педагогтарға жеткізу сұралады.

Қосымша: 8 бет.

Директор




Б. Абдикерова

Орынд. А. Оспанова
тел. 8(7212)502513

004805

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
 **Б.Х.Абдикерова**
«22» 09 2021 ж.



«Мұражайға виртуалды экскурсия» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

- 1.1. «Мұражайға виртуалды экскурсия» облыстық байқауы (ары қарай - байқау) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Өлкетану» базалық бағытын іске асыру шеңберінде өтеді.
- 1.2. **Байқау Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының мұражайлары арасында өткізіледі.**
- 1.3. **Байқаудың мақсаты:** білім беру ұйымдарында мұражай жұмысын жандандыру, мұражай педагогикасын дамыту педагогикалық бастамаларды қолдау.
- 1.4. **Байқау міндеттері:**
- өлкетану және мұражайтану саласында педагогтер мен оқушылардың білімі мен құзыреттілігін тереңдету;
 - мұражай жұмысын оқыту мен тәрбиелеудің кеңістігі ретінде дәріптеу;
 - мұражай жұмысының іс-тәжірибесін тарату, жинақтау және анықтау;
 - оқу-тәрбие үдерісіне мұражай әлеуетін тиімді пайдалануға педагогтердің назарын аудару.

II. Байқаудың мерзімі және өткізу шарттары

- 2.1. Байқау 2021 жылдың 27 қыркүйек пен 18 қараша аралығында екі кезеңде өтеді:
- Бірінші кезең:** іріктеу (сырттай). Өтініштер мен байқау материалдары 2021 жылдың 26 қазанға дейін ks-muzei.umc@mail.ru электрондық поштаға жіберу қажет. I кезеңнің жеңімпаздары II кезеңге қатысуға шақырылады.
- Байқаудың екінші кезеңі** – финалдық, 2021 жылдың 16 қараша күні онлайн түрінде өткізіледі. Ұйымдастыру комитеті II кезеңге өткен қатысушыларға 2021 жылдың 05 қарашаға дейін арнайы шақырулар жібереді.
- 2.2. Байқау 2 номинация бойынша жүргізіледі:
- «Мұражайға виртуалды саяхат» (бейнетүсірілім, мұражай туралы қысқаметражды фильм), ұзақтығы 5 минуттан аспауы қажет;
 - «Мұражайдағы сабақ» - мұражай ресурстары пайдаланылған оқу сабағының әдістемелік әзірлемесі.
- 2.3. Байқаудың финалында қатысушылар алдыңғы номинациялар бойынша презентация ұсынады, қатысу уақыты 5 минутқа дейін.
- 2.4. Ұйымдастыру комитетіне келесі материалдар ұсынылады:
- байқауға қатысуға сұраныс (*қосымша №1*);
 - байқау құжаттары міндетті түрде электронды нұсқада болуы керек (электрондық пошта арқылы).
- 2.5. Байқау материалдарын бағалау критерийлері: шығармашылық жаңашылдығы, түпнұсқалығы (сценарий және сюжет), идеяның толықтығы,



нақтылығы және сауаттылығы, креативтілігі, регламенттің сақталуы, ұсынылған номинацияға сәйкестігі.

III. Байқаудың қорытындысын шығару

3.1. Байқауды ұйымдастыруды және өткізуді Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының «Қосымша білім беру және ұйымдастырушылық – тәрбие инициативаларын дамыту» бөлімі жүзеге асырады, жұмыс телефоны: 8(7212) 502513.

3.2. Байқаудың қорытындысын шығару үшін ұйымдастырушылық комитеті және эксперттік комиссия құрылады.

3.3. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

№1 қосымша

«Мұражайға виртуалды экскурсия» облыстық байқауына сұраныс

Білім беру ұйымының толық атауы	
Мұражай жұмысының бағыты	
Мұражайдың ашылған жылы	
Қатысушының аты-жөні (толық)	
Номинация	
Байланыс ақпараты (телефон, электронды мекенжайы)	

Білім беру ұйымы басшысының қолы
Мөрі